

МӘСЕЛЕ

БАЙ ҚАРЫЗДАН, КЕДЕЙ СУЫҚТАН

ҚАЛТЫРАЙДЫ

Екі көштің арасында еңгіп көршім жеткен. Екі иығынан демалып тұр.
– Теледидар қарадың ба? – дейді.
– Онда не бар екен?
– Үкіметтің отырысында жылу мәселесін қарап жатыр. Одан бұрын кемпіріміз екеуіміз кеңескенбіз. Үкіметтің отырысынан бір күн бұрын. Менің кемпірім ақылды ғой. Уәлиханов көшесіндегі ағаш сататын саудагерге барса, ГАЗ-53 автомашинасының қорабына салған 4-5 текше метр жарылған қайың отынының құны 45 мың теңге болыпты. Соны сатып алсақ па екен, әлде күздік ет сатып алсақ па екен деп калькуляторын қағып отыр.

– Отын дұрыс шығар, – дедім мен.
– Иә, жөн. Отын дұрыс. Ет жемесек те өлмеспіз. Жылу керек. Былтыр қыс отын аз болып, құбырдың қызуы кемпірдікіндей ғана болып еді.
Үкімет отырысындағы мәселенің мәнісін jasqazaq.kz сайтынан оқып таныстым. Айтса айтқандай екен,

Қарағанды, Павлодар, Маңғыстау, Оңтүстік Қазақстан облыстарындағы орын алған оқиқылар айтылыпты. Энергетика министрі Канат Бозымбаев алаңдаулы. Ал үкімет басшысы Бакытжан Сағынтаев Қарағанды облысы әкімінің орынбасары Анатолий Шкапураға былтыр қыс көзі қырауда орын алған Шахандағы жағдайдың тағы да қайталанбауын қалағалауды тапсырды. Сонымен бірге бұл жағдай қыс ерте түсетін солтүстік өңірдегі басқа аймақтарға да ескертілді.

Ақмола облысының да жайы белгілі. Жылу беру маусымын қыркүйектің 15-іне дейін толық аяқталуы керек деп облыстық әкімдік жоспарлап отыр. Алайда тапсырманың қаһары қарашаның суығындай қақап тұрса да, тиісті сала басшылары әлі де атқа міне қоймағандай. Дәлел керек пе? Мінекей, облыстағы қазандықтардың 92 пайызын ғана мұржасынан түгін шықпақ. Қалғаны әлі жөндеу үстінде.

Қазандық жөндеу мәселесі тұтас облыста бүрк-сарқ кайнап тұр. Бірақ пісуі жететін емес. Шикі жұмыстың шегі Көкшетау және Степногорск қалаларында шұбатылып жатыр. Облыс орталығында жылу қазандықтарын маусымға дайындау жұмысының 83 пайызы ғана жүзеге асырылған. Степногорскіде де солай. Атбасарда – 82 пайыз. Бурабайдың баурайында қыс болмайтын тәрізді. Мұндағы жұрттың жағасы жайлауда. Жөндеу жұмысы небары 55 пайызға жүзеге

асырылған. Биылғы қысқа дайындық жұмысы бойынша Сандықтау ауданы көш бастап тұр. Алдынан емес, соңынан санағанда. Ерте көктемде 12,7 шақырым су жүйесіне жөндеу жұмысын жүргізуді жоспарласа, күні бүгінге дейін оның бір шақырымы да жөнделмеген.

(Жалғасы 3-бетте)

3

АРАКАН
ЖҰРТЫ АРАША
СҰРАЙДЫ

БЕЙБІТШІЛІК
ҺӘМ ҚАРУСЫЗ
ӘЛЕМ

4

ТУРА ЖОЛҒА
ТҮСКЕНДЕР
КӨП

5

БЕЙІС
ТУРАЛЫ
ТУЫНДЫ

7

on the web
JASQAZAQ.KZ

ЕУРАЗИЯ ЖҮРЕГІНДЕ

КҮЗДІК САТЫЛЫМ

1 және 8 қыркүйек аралығында халықаралық бағыттардағы ұшуларға 40%-ға дейін жеңілдікті жіберіп алмаңыз. Саяхат кезеңі - 2017 жылдың 1 қазаны мен 15 желтоқсаны аралығы.

• ПАРИЖ • ФРАНКФУРТ • САНКТ-ПЕТЕРБУРГ
• БЕЙЖІН • БАНГКОК • ДЕЛИ • ЕКАТЕРИНБУРГ
• ТЕГЕРАН • НОВОСИБИРСК

airastana.com

air astana



БИРЖАМЕТР

МҮНАЙ (brent)
54,52


DOLLAR
341

EURO
407

РУБЛЬ
5,94

АЙБЫН

Елге қорған болу – ердің ісі



Абылай атам алты Алашқа жарты ғасырға жуық билігін жүргізген жер. Көгілжім нұрлы аспанда елдік пен ерліктің, Алаштың асыл мұратының мәңгі өлмес рухы ұшып жүргендей. Ал шашақты найза секілді қалың қарағайдың ығында – қадет корпусы.

(Жалғасы 3-бетте)

БИЛІК



Бұл аптаның алғашқы күнінен-ақ Астанадағы саяси ортада қарбалас жұмыс басталып кетті. Қарбаластың басталуына бірінші себеп, Парламент депутаттары жазғы ұзақ демалыстан соң жұмысына кірісті. Екінші себеп, VI сайланған Парламенттің үшінші сессиясының ашылуында сөз сөйлеген Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев атқарылуға тиісті біраз шаруаның бағытын айқындап, Парламент пен үкіметке тапсырма берді.

құндылығымызды жоғары қоюдың маңызы айрықша екендігін атап өтті. Мемлекет басшысы «2018 жылы қоғамды рухани жаңғыртумен байланысты бірқатар бағыт бастау алады. Біріншіден, біз қоғамдық сананы жаңғырту бойынша жұмысты бастадық. Сондықтан бізге өзгенің ескірген дотмасына жабысудың қажеті жоқ. Біздің өзіміздің тәжірибеміз, құндылықтарымыз, даму жолымыз бар», — деді. Президент өз сөзінде қарапайым халық үшін ең негізгі, өзекті мәселенің бірі — денсаулық саласына байланысты біраз түйткілді тақырыпты қозғалды. Сонымен қатар бұл тақырыпта бұған

медициналық сақтандыру тақырыбы. Президент бұл сала бойынша да өте тынғылықты жұмыс жасау керектігін ерекше ескертті. Елімізде өзін-өзі жұмыспен қамтыған 2,7 миллион адам бар. Мемлекет басшысының сөзіне қарағанда өз-өзіне жұмыс беруші салықтан жалтарып отыр. Сондықтан да Президент бұл мәселенің барлығын реттеп алу керектігін, содан кейін барып медициналық сақтандыру жүйесін қолға алуды тапсырды. «Бізге мұндай мәселе бар кезде медициналық сақтандыруға көшеміз деп несіне айтасыздар? Алдымен түйткілдің түйінін тарқатып алайық. Мәселе шешілгеннен кейін сіздермен және Парламентпен бірлесіп ортақ шешім қабылдаймыз», — деді Елбасы денсаулық сақтау министрі Елжан Біртановқа. Сонымен қатар Н.Назарбаев денсаулық сақтау министріне бұл саладағы өзекті мәселені ретке келтіріп, атқарылған жұмыс жөнінде есеп беруін тапсырды.

Президенттің ерекше атап өткен мәселесінің бірі — ақпараттық қауіпсіздік тақырыбы. Қазір әлем қару жарақпен емес соңғы технологиялық құралдар арқылы ғаламторда бөсекеге түсіп, тартысып отырғандығын атап өтті. Ақпараттық қоғамды жетілдіре отырып, ақпараттық қауіпсіздік жолын барынша нығайту — заман талабы. Сол сияқты Елбасы еліміздегі қаржылық орта мен банк жүйесін жетілдіре түсу үшін бақылау қажеттігін айтты. Мәселен, Ұлттық банкінің құзыретін кеңейтіп, оған екінші деңгейлі банкердің жұмысына бақылау жүргізіп отыруға мүмкіндік беру қажет. Ал жекеменшік банкердің мемлекеттік қазына есебінен қаржыландыруды доғартатын кез әлдеқашан жеткен. Өздігінен жұмыс істеп пайда таба алмайтын тиімсіз қаржылық мекемелерді мемлекеттік қазынадан қаржыландыру бөсекеге қабілетті орта қалыптастыра алмасы түсінікті. Сондықтан да мемлекет бұл салада белгілі бір қадамға баруға тура келеді. Президент атап өткен тақырыптың бірі — балабақша мәселесі.

ЖАҢА МІНДЕТ ЖҮКТЕЛДІ

Елбасы өз сөзінде еліміз Парламенттің де, үкіметтің де көптеген жұмыс атқарып келе жатқандығын атап өтті. Сонымен қатар уақыттың жаңа талабы мен міндетіне сай әлі де талай істің тындырылуы заңдылық екендігіне тоқталды. Мемлекет басшысы жаздың соңғы күндерінің бірінде Бақытжан Сағынтаевқа орынбасар болып тағайындалған Асқар Жұмағалиев пен Ерболат Досаевтың үкіметке келу себебін айтты. Н.Назарбаев «Біз көшуге тиісті «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасының мәні өте зор. Бұл дамудың болашағы, еңбек өнімділігі, жаңа технология. Онымен нақты адам айналысуы тиіс. Бұл позицияға білімі бойынша IT маманы саналатын Асқар Жұмағалиевті тағайындадым», — деді. Сол сияқты өткен жылы ғана ұлттық экономика министрі лауазымынан өз еркімен кеткен Ерболат Досаевтың қайта оралуын да түсіндіріп өтті. Елбасы «Экономиканың макроэкономикалық бөлігін күшейту Ерболат Досаевқа жүктеледі. Ол нағыз азамат ретінде өкілеттігін өз еркімен тоқтатқан жағдай болды. Бірақ бұл оның кінәсі емес. Оның тәжірибесі мен білімі, жұмыс тағлымдамасы еліміздің экономика, қаржы, макроэкономикасын, сонымен қатар бюджетіміздің жартысын тұтынатын әлеуметтік блогын өз қолында ұстауға мүмкіндік береді деп үміт артуға болады», — деді.

Қазір біздің ел рухани жаңғыру саласында көптеген жұмысты қолға алып отырғандығы баршаға мәлім. Бұл жұмыс бұдан әрі де жалғаса бермек. Президент өз сөзінде ең әуелі өзіміздің



дейін де тапсырма берілгендігін еске салып өтті. Қазақстан Президенті «Дәрі-дәрмек затының айналымы маңызды әлеуметтік сипатқа ие. Салада бағаның шарықтауына тосқауыл қоятын шара қажет. Сондықтан дәрілік және медициналық заттың айналымын реттеу керек. Отандастарымыз қолжетімді, сапалы әрі қауіпсіз дәрі-дәрмекті алу құқығына ие. Мен бұл жайында бірнеше мәрте айтқан болатынымын. Бізде дәрі өндірісінде қандай да бір монополия бар», — деді. Ол қандай монополия болуы мүмкін? Елбасының айтуына қарағанда, фармацевтикалық фабрика салуға ниетті инвестор үнемі келергіге душар болып отырған көрінеді. Осыған орай мемлекет басшысы денсаулық сақтау министрі Елжан Біртановқа бұл мәселеге қатысты тиісті шешім қабылдауды тапсырды. Сонымен қатар кезінде мемлекет қаржысына алынған медициналық жаңа жабдықтардың облыстарда пайдаланылмай бекер тұрғанын да атап өтті. Ал бұл саладағы тағы бір мәселе — соңғы уақыттары қоғамда қызу талқыланған

Қазір жекеменшік балабақша ашуға ынталы азаматқа мемлекет қаржы бөледі. Сондықтан да олар шағын орталық ашып, қасібин дөңгелетіп отыр. Ал кезінде шенеуніктер балабақша орнына сарай салып, олардың ішіне бассейн мен ботаникалық бак, музыкалық мектепті қоса ашқан. Негізінен балабақшаға ондай қосымша міндеттің қажеті шамалы көрінеді.

Себебі қалада музыка мектебі мен бассейн, спорт сарайлары онсыз да жеткілікті. Мемлекет басшысы «Жекеменшік стоматологиялар жұмыс істеп тұр. Мемлекеттік-жекеменшік серіктестік бойынша салынып жатқан мектеп пен балабақшаларды көрдім. Бүгінде балабақша ашу бизнес үшін тиімді. Мемлекет субсидия бөледі, ата-ана да төлем жасайды. Пайда табуға болады. Бизнес үшін жаппай балабақша салудың да қажеті жоқ. Көппәтерлі үйлердің бірінші қабатында бірнеше пәтер біріктіріліп, 20-30 бүлдіршіңге жайлы жағдай жасалады. Ендеше, осы жолмен жүрейік», — деді.

Осылайша Парламенттің үшінші сессиясының ашылуында сөз сөйлеген Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев еліміздің алдағы уақыттағы даму бағытарын тағы бір айқындап берді. Сонымен қатар Парламент пен үкіметке жана міндет пен талап жүктетді.

Бейбіт ТОҚТАРБАЙ,
Астана қаласы

Байланыс

Қазіргі таңда Қазақстан ядролық қаруға қарсы көшбасшы мемлекет ретінде әлемге танымал. Себебі еліміз өз тәуелсіздігін ала салып, ядролық қарудан бас тартып, бейбітсүйгіш ел ретінде өзгеге үлгі бола білді. Сонымен қатар біздің мемлекетіміз уран өндіруші бірден-бір ел болып саналады. Бүгінгі таңда әлем елдері атомды бейбіт мақсатта пайдалану жолында көптеген ғылыми тұжырым ұсынып отыр. Сондықтан да уран өндіруші негізгі ел ретінде елімізде Төмен байытылған уран банкі ашылды.

жекелеген мәселесін шешу мақсатымен бірқатар идея ұсынды. Мемлекет басшысы «Біз Ядролық қаруды таратпау туралы шарт өзіне артылған үмітті ақтамай отырғанын бірнеше рет айттық. Атап айтқанда, «ядролық клубтағы» елдер өз еркімен ядролық бағдарлама туралы мәлімет бермейді. Ал өзге елдер МАГАТЭ-ге толық ақпарат ұсынуға. «Ядролық бестік» пен басқалардың арақатынасындағы теңсіздікті жою қажет. 2020 жылы әлемдік қоғамдастық Ядролық қаруды таратпау туралы шарттың күшіне енуінің 50 жылдығын атап өтеді. Осы мерзімде Ядролық қаруға толықтай тыйым салу туралы шарттың қабылдануы үшін бірлесе күш жұмылдайрық», — деді. Сондай-ақ Елбасы еліміздің уран өндіру саласында әлемдік деңгейдегі орны мен



СЕНІМ МЕН ТҰРАҚТЫЛЫҚ КЕПІЛІ

Ол Шығыс Қазақстандағы Үлбі металлургия зауыты аумағында орналасқан. Астанада өткен салтанатты шарада Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев банктің символдық кілтін МАГАТЭ-нің бас директоры Юкия Аmanoға табыстады. Мемлекет басшысы елімізде мұндай банкті ашудың маңыздылығына тоқталып, 29 тамыздың ерекше күн екендігін баса айтты.

Қазақстан Президенті «Осы күні, 1991 жылғы 29 тамызда, менің Жарлығыммен әлемдегі ірі полигон — Семей ядролық сынақ полигоны жабылды. Бүгінде бүкіл әлем 29 тамызды ядролық сынақтарға қарсы халықаралық іс-қимыл күні ретінде атап өтеді. Екінші бір мәселе, Қазақстанда қуатты

маңызын да атап өтті. Әрі бұдан былайғы кезеңде де негізгі ойыншылардың бірі болып қала беруге әзір екендігін еске салып өтті. Біз — ірі уран өндірісімен айналысатын елміз. Осы орайда әлемдік энергетикада маңызды рөл атқаруға әзірміз. Сондай-ақ Қазақстан жаһандық «жасыл» тренд арнасында тұр. Сондықтан Астанада болашақтың энергиясына арналған халықаралық «ЭКСПО» көрмесі өткізілуде. Иә, Қазақстан жасыл энергияны дамытудың көзін іздеуші елдермен де тығыз қарым-қатынаста жұмыс жасауға әзір екендігіне ешкімнің таласы жоқ.

Сонымен қатар Н.Назарбаев ядролық қаруға қарсы қозғалыс мәселесі бойынша барлық жаһандық



ядролық қарудың болуы еді. Қазақстан өз іс-әрекеті арқылы ядролық арсенал проблемасымен бетпе-бет келген басқа да елдерге жол көрсетті», — деді.

900 шаршы метрге жуық аумақты алып жатқан төмен байытылған уран банкі МАГАТЭ-нің толық бақылауымен жұмыс істеп, ресми түрде оның заңды меншігінде болатындығын Елбасы баса айтты.

«Ядролық қару — бүкіл адамзатқа төнген тажал. Әлемнің тоғыз мемлекетінде 16 мың ядролық қару бар. Алайда осы арсеналдың жарты пайызы климатты өзгертіп, жаһандық ашыққа ұрындыра алады. Бұл өз-өзімізді жою дегенді білдіреді», — деген Н.Назарбаев ядролық қарудың зардабынан сақтану керектігін ескертті. Қазақстан Президенті қалыптасқан жаһандық ахуалды ескере отырып, ядролық қауіпсіздіктің

бастаманы біріктіруді ұсынып, Қазақстанның Ядролық қауіпсіздік жөніндегі жаһандық саммитті жанарту үдерісіне басамшы болуға және оның отырысын Астанада өткізуге әзір екенін айтты. Елбасы Қазақстанда ашылған Төмен байытылған уран банкі тек бейбіт атомға ғана арналғанын атап өтті.

Жалпы, Уран банкінің елімізде ашылуы — кездейсоқтық емес. Себебі мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев әлемді ядролық қарусыздандыру жөнінен көптеген игі бастама көтеріп келе жатыр. Әлемдік қауымдастық Қазақстанды ядролық қаруға қарсы көшбасшы ел ретінде мойындайды. Сондықтан да МАГАТЭ сияқты әлемдік деңгейдегі белді ұйым елімізге сенім білдіріп отыр.

Айбарша ЖАҚСЫЛТЫҚ,
Астана қаласы

АПТАНЫҢ АЙТАРЫ

248

млрд доллар. Елімізге 12 жылда тартылған шетелдік инвестицияның көлемі

128

млн теңге. Оңтүстік Қазақстан облысындағы жалғыз «Мұз сарайы» сатылып кетті

300

Солтүстік Қазақстан облысында үш айдың ішінде осында мемлекеттік қызметкер жазаға тартылды

Сөз-Жебе

Бақытжан САҒЫНТАЕВ, Премьер-Министр:

«Осы жағдай үнемі қайталанып отырады. Қанша рет айтсақ та, ақша игерілмей қалады. Тендер кеш өткізіледі. Үлкен көкелер тендер өткізіп жатқанда, балалар қиналып жүр. Бұл мәселені қалай да шешу керек! Балалар жаңа мектептерде оқығысы келеді. Мемлекет басшысының тапсырмасымен Ұлттық қордан ақша бөлініп жатыр. «Нұрлы жол» бағдарламасы бойынша бөлінген қаражат өңірлерге жіберіліп жатыр. Ал біз оқу жылы басталғанда тендер өткіземіз! Ақша бар. Өкінішке қарай, қаржы уақытында игерілмейді»

Тарих

Бытыр қазан айының басында өйгілі қолбасшы, 1916 жылғы Ұлт-азаттық көтерілісінің басты тұлғасы Кейкі батырдың бас сүйегін Мәскеуден арнайы делегация елге жеткізген болатын.



ЖЕР ҚОЙНЫНА ТАПСЫРЫЛАДЫ

бас сүйегін елге жеткізуде мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедұлы еңбегі зор болды» — дейді.



Батырдың бас сүйегі бытырдан бері Алматыдағы орталық мемлекеттік мұражайда сақталды. Тарихшы Нұрсан Әлімбай редакцияға хабарласып, бас сүйек 15 қыркүйек күні туған жері Торғайға жерленетінін жеткізді. Біз тарихшыдан Кейкі батырдың бас сүйегінің елге қалай жеткізілгені, қандай қиындықтардың болғанын, зерттеу және анықтау жұмыстарының қалай жүргені туралы сұрадық. Сұхбаттың толық нұсқасы газеттің алдағы санында жарияланады.

7 сөз

Германия тұтқында болған 17 ардагерімізге өтемақы төлейді

Қорғаныс министрлігіне қарасты кадет корпусы 1996 жылдың 1 шілдесі күні Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен құрылған болатын.

Аталған корпусының аумағы ат шаптырым. Сол ат шаптырым жерде де ілкі заманнан үзілмей келе жатқан дәстүр жаңғыртар ересен қуат қайнап шығып жатқандай. Қай тұсыңа көз салсаң да мұнтаздай тазалық, темірдей тәртіптің қуатты лебі еседі. Ел қорғанысын нығайтып, әлеуетін арттыруға ықпал ететін кіші буын командирлер, сержанттар дәл осы жерде дайындалады.



үлгері алмайтындары да бар. Талапкердің көбі оңтүстік аймақтардан. Негізіндегі ол жақтағы отбасылар көпбалалы ғой. Сол көп баланың арасынан әскери қызметке ансары ауатындары аз емес. Комиссия мүшелері отбасылық жағдайларына да қарады. Бұл мәселеге де көбірек көңіл бөлінеді, арнайы заңда жазылмаса да. Ал ата-анасы жоқ, жетім балалар бірінші кезекте қабылданады. Оқуға түскеннен кейін де денсаулық мәселесі бірінші орында. Ай сайын түрлі нормативтер тапсырады. Міне, осы кезде тағы да сайдың тасындай балалар іріктеліп шығады. Сынақтан өте алмағандар қайтарылады. Солтүстік өңірдің де балаларын қамту үшін арнайы білім ошақтарында болып, Отан қорғау мәселесін, азаматтық парызы туралы ұдайы айтып жатсақ та, талапкерлер аз. Бәлкім, мұның себебі кадет корпусының статусы колледж деңгейінде ғана болғандықтан шығар», — дейді Азамат Жақыпов үшінші сыныпты сержант, жауынгерлік дайындық бойынша нұсқаушы.



Астана қаласына ауыстырылған соң. Жана корпуста екінші курстар оқып, білім алуда, бірінші курс кадеттері бұрынғы ескі корпусқа орналасқан.

Оқу орнында кәсіби біліммен қатар, тәрбие сабақтары да ұштастырыла жүргізілуде. Тақырыбы да сан алуан. Күні кешегідей көрінетін қан қасап Ұлы Отан соғысындағы жаракты жауынгерлердің жойқын ерлігі, берідегі Ауған соғысының алапат қырғыны. Сол майдан даласындағы жауынгерлердің жаңжарлық ерлігі кадеттерге үлгі-өнеге. Жалғыз майдан даласындағы емес, ішкі дүниеде, айталық, экстремизм мен терроризм мәселесі де ұмыт қалмаған. Практикалық сабақтар өткізілетін «Амандық» деп аталатын оқу орталығы бар екен. Оқу орнынан елу шақырым жерде. Осы жерде атыс жаттығулары, әскери техниканы жүргізу сабақтары өткізіледі. Теориялық сабақ тек корпуста өткізілсе, өзгенің бәрі осы жерде.

материалдық көмек көрсетіледі. Қызмет істеуге барған жерінде тәп-тәуір көтермеақы төленеді. Қазір әскери бөлімдер тұрғын үй жағын да қарастыруда, яғни баспанамен қамтамасыз етеді немесе жалдаған үйінің жалақысын төлейді. Үйленген болса, тұтас отбасына. Оның да өз көрсеткіші бар.

ЕЛГЕ ҚОРҒАН БОЛУ – ЕРДІҢ ІСІ

Арада төрт жыл өткен соң еліміздің қорғаныс министрлігінің бұйрығымен кадет корпусына Шокан Уәлиханов есімі берілді.

Тәлімді тәрбие, айрықша білім ошағы ретінде қалыптасқан оқу орны әлемнің жетекші елдерінің кіші сержант мамандарын даярлау тәжірибесін негізге ала отырып, ашылды. Қазақстан Қарулы Күштерінің сержанттар құрамында арнайы келісімшарт

бармағандар 21 жасқа дейін қабылдануы мүмкін. Ал әскери міндетін өтегендер 23 жасқа дейін қабылданады.

Бір айта кетерлігі, қабылдау талаптары өте қатан. Өйткені, ең алдымен психологиялық мінездемеге көбірек көңіл бөлінеді. Үміткерлер психологиялық тест тапсырған соң, тапсыра алғандары келесі сатыға көшпек. Содан соң әрқайсысымен әңгімелесулер,

Орталық Азияда құрылған жалғыз ғана кадет корпусы осы. Тіпті Ресейдің өзінде кәсіби сержантты дайындайтын дәл осындай оқу орны жоқ. Енді ғана қолға алынуда. Шыңтауында, Ресейдегі кадет корпусы өзіміздің жас ұландарды дайындайтын мектеп іспетті. Оларда бесінші, алтыншы сыныптарда дайындайды. Одан кейін 11-сыныпқа дейін оқиды да, өздері таңдап алады. Ал бізге 11-сыныпты бітіріп келеді. Содан соң екі жыл білім алады. Арнайы келісімшарт бойынша он жылға сержанттық қызметке жолдама беріледі. Тоғызыншы сыныпты тәмамдап, колледжді бітіріп келгендер болса, дипломдарындағы балдары есепке алынады.

Әңгіменің ау-жайын болашақ жайына ойыстырсақ, артық болмас еді. Мысалы, басқа колледждерде оқып, қолдарына диплом алып шыққаннан кейін жұмысты өздері іздеп, сабылып жүрсе, бұл білім ошағын бітірген түлектердің ондай түйткілді проблемасы жоқ. Оқу бітірген кезде әскери бөлімдерден келіп, «күл» түсетіндер жетіп артылады. Оқу орнын бітірген соң әрбір кадетке



бойынша қызмет ететін кіші командалық құрамға кәсіби мамандарды даярлау мақсатында. Осы кәсіби мамандардың алғашқы түлегі 1999 жылы қанат қағып ұшып шықты. Содан бері үш мыңнан астам кадеттер үлкен өмірге жолдама алыпты. Олардың басым көпшілігі — қазір бөлімше командирінен бастап, бас сержант лауазымында қызмет атқарып жүр. Кадет корпусының негізгі мақсаты — әскерге кіші командалық сержанттар құрамын даярлау болып табылатынын жоғарыда айттық. Қазір министрліктің бұйрығы бойынша Қорғаныс университеті болып отыр.

Кадеттердің оқу мерзімі — 1 жыл 10 ай. Осы мерзім ішінде олар әскери-техникалық және кәсіби білім алып шығады. Кадет болуды ниет еткен азаматтар 17 жастан оқыса, әскерге

сұхбаттасулар ұйымдастырылады. Сүзгінің бір ұтымдысы — дене шынықтыру сынағы. Өте қатан сынақ. Әр жыл сайын мыңға жуық талапкердің төрттен бірі ғана өте алады.

«Әне бір жылдары 280 адамға дейін қабылдаушы едік. Бірақ оқу барысында көбі қатан тәртіпке шыдай алмайды. Шамасы біздің жастар тек әдемі форма киіп қана жүргісі келетін болулары керек. Шындығын айтқанда, талапкердің көбінің денсаулығы әлсіз, оның үстіне бағдарлама бойынша өткізілетін сабақты



Таратып айтатұғын болсақ, Шучье қаласында 20 мың теңгеден, Астана қаласында 46 мың теңгеден, Алматы қаласында 56 мың теңгеден.

Ендігі сөз болашақ кадеттерді оқытып жатқан оқытушылар хақында. Қазір мұнда 26 офицер мен жиырмадан астам нұсқаушы сержант бар. Нұсқаушы лауазымы 2015 жылдан бастап ашылған. Кадет корпусын бітіріп шыққан, болашағынан үміт күттіретін сержанттарды осы лауазымға тағайындауға тырысады екен. Әрине, кадеттерді бірден тағайындай салмайды. Олар басқа Қарулы Күштердің құрамында немесе әскери бөлімдерде тәжірибе жинақтап, кәсіби тұрғыдан толысып, білімін біліпкеп бекітіп оралады. Мына жана корпусқа 2014 жылы көшкен, Қорғаныс университеті

Оқу орнының жетістігі де аз емес. Қарулы Күштер саласы бойынша өткізілетін ел жарыстарында жүлделі орындарға ие болып жүр. Кадеттер қатарында спорт шеберлігіне кандидаттар, спорт шебері де аз емес. Материалдық-техникалық базасы да жыл сайын жетіліп келеді. Жана үлгідегі әскери техникалар алынған. Биылғы жылдың бір жаңалығы — артиллерия факультеті ашылуда.

«Ең алдымен, тәрбие жағына көп көңіл бөлеміз, — дейді кадет корпусының бастығы, полковник Руслан Қабуллинов, — тәрбиесі мықтының тәлімі де мықты. Сонда ғана ол елін, жерін сүйетін, қажет болса қасық қаны қалғанша қорғайтын жауынгер болып шықпақ. Талаптың қатты екендігін жасырмаймыз. Соған орай, жағдай да жасалынып отыр. Кадеттер жылдың төрт маусымына орай арнайы киім-кешекпен қамтамасыз етіледі. Таратып айта кететін болсақ, әрбір балаға бес жүз мың теңге көлемінде қаржы жұмсалып, киім тігіледі. Ас-суына да өкпе жоқ. Тек ел қорғаймын, туған ел-жұртымызды қорғаймын боламын дейтін мақсат көкірегіңде бұр жарып тұрса болғаны.

Бурабай баурайынан ұзап бара жатып артымызға бұрылды. Оқу орнында қауырт қимыл. Біздің қорғанымыз — ел қорғаны.

Басшы осылай дегенімен, тоңып қалған көңілдің қырауы жібітін емес. Ендігі бір сойылдай соқталы, өмірдің өзіндей өзекті мәселе дебиторлық қарыз. Бұл өзі бүгін ғана

шаруашылығы басқармасының мәліметі бойынша, облыс орталығындағы дебиторлық қарыз көлемі — 497,1 миллионға жеткен. Жылу қарызын пақырдың емес, байдың төлемейтінін өткен қыста газетімізде жария еткенбіз. Зәулім коттеджде тұратын байларды да әлекке салып, жылу жүйесінен кесіп тастағанын суретімен

миллион, Атбасар ауданында — 137,2 миллион, Бурабайда 248,1 миллион теңге. Міне, осылай тізе беруге болар еді. Бірақ одан не үміт, не қайыр?!

Коммуналдық кәсіпорындардың да несиелік берешегі көп. Көш басында «Көкшетау Жылу» кәсіпорны тұр. Олардың қарызы 643,6 миллион

теңге. Ал, «Атбасар су» кәсіпорнының 347,9 миллион теңгеге жеткен.

Жекеменшік үйлерде тұратын жалпақ жұрт та алаңдаулы. Отынның құны омындырып тұрғанын көршінің кемпірі жеткізген. Быыл көмір бағасы да қымбаттауы мүмкін деседі зейнетақысын басына тартса аяғына, аяғына тартса басына жеткізе алмай жатқан жұрт. Әне бір жылы Көкшетауға көгілдір отын келеді деген көгілдір арманның жолы кесіліп тұр. Кейбіреулер дәл осы жерден де саясат соғады. Көмір магнаттары көгілдір отынның келуіне бейілді емес. Өйткені, ел үйін арзан газбен жылытса, қымбат көмірі өтпей қалады ғой. Сондықтан, газдың жолын көмір кесіп жатыр деседі. Кім білсін, мүмкін солай да шығар.

Үш күн кенескен көршім ақыры, отын алмаққа бекінді. Сұлуынан жылуы жақсы. Қақаған қыста тісін тісіне тимей тоңып отырғаннан сақтасын, құдай!..

Бетті дайындаған
Байқал БАЙӘДІЛОВ,
Ақмола облысы

БАЙ ҚАРЫЗДАН, КЕДЕЙ СУЫҚТАН



ҚАЛТЫРАЙДЫ

пайда болған дүние емес. Өткен жылдан қалған. Өткен жылға бұрнағы жылдан қалған. Сөйтіп, қордалана берген көп дүние. Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық

қоса жариялады. Бірақ әлі де төленбеген төлемақы толып жатыр. Соның кесірінен, жылу маусымына дайындық нашар жүргізілуде. Степногорскінің дебиторлық қарызы — 395,3



Аракан жұрты араша сұрайды

Қазақстан Мьянманың Ракхайн штатында туындаған шиеленісті бейбіт жолмен ғана шешуді қолдайды. Барлық жанжалдасушы тарапты атысты дереу тоқтатуға және диалогты жалғастыруға шақырады.

Қазақстан Сыртқы істер министрлігі

Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы Мьянмада орын алған қайғылы оқиғаға байланысты қатты алаңдаушылық білдіреді. Жергілікті тұрғындарға жасалған қасіретті қатаң айыптайды.

Қазақстан Мұсылмандары Діни басқармасы

Мінбер

Заң жобасын желтоқсан айында депутаттардың қолдауымен қабылдау үшін парламентке биыл қараша айында ұсыну көзделіп отыр. Сондай-ақ, заң жобасына түзетулерді әзірлеу кезінде шамамен 50 елдің тәжірибесі ескерілгенін мәлімдеді. Н.Ермеқбаев «Әр мемлекеттің өз ерекшелігі бар.

Биыл құрамы қайта жасақталған ақпараттық-түсіндіру топ жұмысының нәтижесінде 300-ге жуық отандасымыз радикалдық ағымнан дәстүрлі дінге қайтты. Бұл туралы дін істері және азаматтық қоғам министрі Нұрлан Ермеқбаев Қазақстан үкіметінің баспасөз орталығында журналистермен кездесу барысында айтты. Сондай-ақ дін тақырыбына қатысты қоғам назарын аударған бірнеше мәселеге тоқталды.

300 АЗАМАТ ТҰРА ЖОЛҒА

Биыл құрамы қайта жасақталған ақпараттық-түсіндіру топ жұмыстарының нәтижесінде 300-ге жуық қазақстандық радикалдық ағымнан дәстүрлі дінге қайтты. Дін істері және азаматтық қоғам министрі келешекте бұдан да көп адамды дұрыс жолға бағдарлау мүмкін болатынына сенім білдірді.

жасаудан өзге, кітап және баспа өнімдеріне сараптама жүргізілуде. Сондай-ақ, ІІМ-мен бірлесіп діни экстремизм үшін сотталғандарды оналтудың арнайы қызметі құрылды.

«ДІНТАНУ» ОҚЫТЫЛАДЫ

Университеттерде «Дінтану» мамандығы ашылады. Н.Ермеқбаев «Діни ахуалдарды саралай келе Батыс облыстарының бірінде, Жамбыл, Қызылорда облыстарында және Шығыс Қазақстан облысында дінтану мамандығын енгізу мәселесі қарастырылып жатыр. Бұл өз кезегінде жастар ортасында деструктивті ағымдардың таралып кету қаупі бар өңірлерде қажетті дін мамандарын даярлауға мүмкіндік береді» — дейді. Министрдің мәліметінше, қазіргі кезде аталмыш ведомство мен Білім министрлігінің бірлесуімен «Дін және қоғам» оқулығының жана редакциясы бойынша жұмыс жүргізілуде. Министр «Сонғы жылдары дінге деген қызығушылық, әсіресе, жастар арасында көбейгені байқалады. Жастар тәжірибесіздіктен экстремистік мазмұндағы діни идеологияға қарсы тұруға қауқарсыз болып

ДІН

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Жаза

Атырауда «Халифат сарбаздары» лаңкестік тобын құрған ер адамға қатысты сот үкімі шықты. Атырау облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты биыл Ауғанстанда ұсталып, кейіннен өз елімізге жіберілген 28 жастағы Дәмір Зінәлиевке қатысты үкім шығарды.

20 ЖЫЛҒА СОТТАЛДЫ



Қылмыстық іс жабық тәртіпте қаралған. Д.Зінәлиев сот отырысына қатысты. Сотта 2011 жылдың шілде айында Дәмір екі серіктесімен, Бельгия азаматымен бірігіп, Пәкістан аумағында «Халифат сарбаздары» халықаралық террористік ұйымын құрған. 2011 жылдың 12 қыркүйегінен 2 қазан аралығында Д.Зінәлиев Алматыдағы Қазақстанның сыртқы істер министрлігі ғимаратының аумағында және Алматы

қалалық ІІД әкімшілік ғимаратында жарылыс ұйымдастырмақшы болады. Ал 28-30 қазан аралығында ол Атырауда облыс әкімдігі мен прокуратура ғимараты маңында жарылыс жасаған. Сот барысында айыпталушы кінәсін толықтай мойындады. Д.Зінәлиев бірнеше бап бойынша айыпты деп танылып, 20 жылға бас бостандығынан айырылды. Жазасын қатаң тәртіптегі колонияда өтейді. Сот үкімі әлі заңды күшіне енген жоқ.

ДІН ӨЗЕГІНДЕГІ ТӨРТ ТАҚЫРЫП

Біз бұған дейін айтып өткендей, Қазақстанға ешбір мемлекеттің тәжірибесін қайталаудың қажеті жоқ. Себебі бізге жағдай бірегей — біздің өз дәстүрлеріміз, тарихымыз бар. Сондықтан да біз шетелдік тәжірибеге сүйене отырып, мемлекет пен дін арасындағы қарым-қатынастың өзмізге тән жеке үлгісін қалыптастырамыз», — деп сөзін түйіндеді.

ТҰМШАЛАНУҒА ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ

Министр адамның бетін тұмшалайтын немесе жүзін көруге кедергі келтіретін киім үлгілерін қоғамдық орындарда

киюге тыйым салу туралы талап бар екенін, бұл бірінші кезекте қоғамдық қауіпсіздік тұрғысынан қолға алынатынын мәлімдеді. Н.Ермеқбаев «Бұл жерде әңгіме мұсылмандық киімді киюге тыйым салу туралы болып отырған жоқ. Сөз деструктивті және біз үшін жат идеологиялық және діни ағымдардың атрибуттарын қоғамдық орындарда көпшіліктің насихаттауына тыйым салу туралы болып отыр. Бұл қандай да бір дәстүрлі дінмен байланысты емес», — деп түсіндірді. Министр никаб секілді киім түрлері адамның бетін көруге кедергі келтіретін киімдер санатына жататынын, ал, бұл санатқа медициналық маскалар

«КИБЕРҚАЛҚАН» ДЕГЕН НЕ?

Бұдан былай үкімет жанынан тек дін мәселелерімен айналысатын арнайы ведомстваралық комиссия құрылды. Осындай өзара іс-қимылдың нәтижесінде діни мекемелердің айналасындағы қауіпсіздік күшейтілді, діни материалдарды тарату арналарының тұрақты мониторинг жұмысы реттелді. 1 тамыздан бастап Бас прокуратура мен Ақпарат және коммуникациялар министрлігі бірлесіп, «Киберқалқан» жобасын іске асырып жатыр. Оның аясында арнайы kibemadzor.kz ресурсы құрылды. Сайттарға мониторинг

келеді. Ақпараттық технологиялар мен интернет кеңістігінің дамуы жастарға бұл мәселеде кері ықпал етеді» - деп атап өтті. Ведомство басшысы осы жағдайларды ескере келе, министрліктің үйлестіруімен ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүйеленгенін жеткізді. Қазіргі уақытта республика бойынша осы максатта 306 арнаулы теологиялық және ақпараттық топ жұмыс істейді. Оның құрамында түрлі деструктивті секталар мен ағымдардың алдын алу мақсатында халықпен кездесулер өткізетін 3,5 мыңнан аса маман бар.

Айбарша ЖАҚСЫЛЫҚ,
Астана қаласы

Орайы келген әңгіме

Елімізде теріс ағымның жетегінде кеткен азаматтарды тура жолға салу бойынша жұмыс қарқынды түрде жүріліп жатыр. Осы орайда дін істері және азаматтық қоғам министрлігі «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне діни қызмет және діни бірлестіктер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасына бірқатар түзету енгізбек. Егер жаңа құжат мақұлданса, заңды некеге тұрмағандар мен екпеге қарсы шыққандар айыппұл арқалайтын болады. Осы және өзгеде мәселелер бойынша дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің «Дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығы» директоры орынбасарының міндетін атқарушы Тұрар Әбуовпен сұхбат құрған едік.

Жас казак: Қазіргі талқыланып жатқан дін туралы заң жобасында нақты қандай жаңалық пен өзгеріс бар?

Т.Әбуов: Өзімізге мәлім, министрлік еліміздегі дін саласының бүгінгі мен дамуы туралы бірегей түсінік қалыптастыру мақсатында «Қазақстанның дін саласындағы мемлекеттік саясатының 2017-2020 жылдарға арналған тұжырымдамасын» әзірлеп, ол Елбасы Жарлығымен бекітілді. Тұжырымдаманың мақсаты - діни саланы реттеуге байланысты 2020 жылға дейінгі ғылыми-теориялық негізді айқындау. Елдегі дін саласын реттеу жөніндегі заңнамалық-басқарушылық, әлеуметтік-экономикалық шараны анықтау. Қазақстандағы зайырлылық қағидатын нығайтуды көздейтін тұжырымдаманың өзегі — отандастарымыздың діни сенім бостандығын, дінді ұстану немесе ұстанбау құқығын қамтамасыз ету.

Осы тұжырымдама негізінде уақыт талабына сәйкес «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне діни қызмет және діни бірлестік мәселесі бойынша өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы» заң жобасы әзірленіп, қазіргі күнде олар қоғам талқысынан өтуде. Талқыланып отырған заң жобасында шетелде діни білім алу, мемлекеттік қызметкердің жұмыс кезінде діни рәсімге қатысуы, діни жоралғы мен рәсім бойынша некені қиғызуға қатысты жаңа талап көрсетілген. Заң жобасы аясында, сондай-ақ қоғамдық орында адамның бет-жүзін тұмшалайтын киім түрін киюге, таратуға шектеу қою және БАҚ-та жарнамалауға тыйым салынады. Бұдан бөлек, құжатта діни бірлестіктердің қаржылық ашықтығын қамтамасыз ету, діни экстремизм және терроризмге қарсы іс-қимыл бойынша жергілікті және орталық мемлекеттік органдардың жұмысының тиімділігіне баға беру жүйесін енгізу, діни қатынас субъектілерінің қызметінде дін саласындағы уәкілетті органның бақылауын күшейтуге бағытталған.

Талқыланып жатқан Заң жобасындағы кейбір мәселеге тоқтала кетсем... Мәселен, азаматтардың шетелдердегі діни оқу орындарында білім алуын реттеу мәселесі әлдеқашан пісіп-жетілген мәселе болатын. Осы заңнамалық өзгеріс негізінде шетелде діни білім алғысы келетіндер үшін аздаған шектеу



Тұрар ӘБУОВ:

жазасын өтеушілермен жұмыс жүргізіліп келеді.

ТУРА ЖОЛҒА ТҮСКЕНДЕР КӨП

енгізілмек. Нақты айтқанда, шетелде діни білім аламын деушілер заң қабылданғаннан кейін жоғары діни білімді өз елімізде алып, жоғарыдан кейінгі білімді ғана шетелде ала алатын болады. Бұл буыны қатпаған, дүниетанымы әлі қалыптасып үлгермеген жастарымызды теріс ағымның идеясынан сақтандыру және қазақстандық қоғамның рухани қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қарастырылып отыр. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында қаншама жастарымыз шетеле білім іздеп кетіп, ол жактан әртүрлі ағым идеологиясын елге әкелді емес пе? Әкеліп қана қоймай, сол идеологияны насихаттау үшін теріс уағыз да жүргізген болатын.

Әрине, заңнамалық өзгеріс бойынша қоғам тарапынан түсіп отырған басқа да ұсыныс көп. Егер бұл ұсыныс дін саласын реттеуге септігін тигізетін болса, олар белгілі бір заңнамалық талаптан көрініс табатын болады. Жалпы, заңнамалық өзгеріс дін саласын реттеудегі мемлекеттің рөлін арттыруға, мемлекет пен діни бірлестіктің арасындағы өзара ықпалдастықты күшейтуге бағытталмақ.

Жас казак: Жігіттердің ұзын сақал қоюы, шолпақ балақ шалбар киюі, қыздардың қара жамылғы оранып, бет-жүзін тұмшалап жүруі қоғамда үнемі талқыланып жататын тақырыптың бірі. Қазіргі талқыланып жатқан дін туралы заңда бұл мәселе қарастырылған ба?

Т.Әбуов: Кез келген форманың ар жағында белгілі бір мазмұн, идея тұрады. Мысалы, мемлекеттік мекемелерде неге діни атрибутика мен рәмізге тыйым салынады? Өйткені кез келген атрибутика мен рәміз белгілі бір идеяның насихат құралы болып табылады.

Дегенмен, заң жобасында шолпақ балақ шалбар киіп жүретіндерге және сақал мәселесіне қатысты нақты ұсыныс жоқ. Десе де, қоғам тарапынан оған және басқа да мәселеге қатысты ұсыныс енгізіліп жатса, кез келген ұсыныс мұқият қаралатын болады.



Елбасы Жолдауында бұл жұмысқа үкіметтік емес секторды тарту керектігі айтылған.

Бүгінде үкіметтік емес ұйымдармен қарым-қатынас жүйелі жолға қойылған. Еліміз бойынша 28 ұйымды құрайтын оналту орталығы мен өңірлік желі арқылы жоба іске асырылуда. Олар деструктивті діни ағым жетекшісі және белсенділерімен келісеген кездесу өткізеді. Осындай жұмыс нәтижесінде қазірдің өзінде өңірден келіп жатқан ақпарат жат ағым идеясын ұстанушының дәстүрлі рухани құндылықтарға бет бұрып, қызығушылық таныта бастағанын көрсетуде. Сонымен қатар қоғамда дәстүрлі емес діни ағым ұстанымын қабылдамайтын көзқарастың күшейе түсуін мемлекет тарапынан іске асырылып отырған жұмыстың нәтижесі деп айтуға болады.

бақылау жолға қойылды. Қазіргі таңда контенттегі құқық бұзушы сайттар анықталып, оларға тыйым салынуда. Кітап пен баспа өніміне, оның ішінде қылмыстық-атқару жүйесіндегі кітапхана қорына сараптама жасалуда.

Министрліктің дін істері комитеті жанынан дін мәселелері жөніндегі республикалық ақпараттық-түсіндіру топтары құрылып, олардың көмегімен елдің барлық өңірінде іс-шара өткізілуде.

Дәл осындай 300-ден астам ақпараттық-түсіндіру тобы барлық өңірдегі әкімдіктің жанында жұмыс істейді. Олардың құрамында — 3,5 мыңнан астам адам бар. Биылғы жылдың І жарты жылдығында өңірдегі дін істері басқармалары жанындағы ақпараттық-түсіндіру

тобы республика көлемінде әртүрлі деңгейде 14 646 іс-шараны жүзеге асырып, оған 1 200 000-ға жуық адам қатысқан. Сондықтан тұрғындармен тікелей байланыста болатын ақпараттық-түсіндіру топтарының жұмысы — уақыт тәжірибесінен өткен пәрменді тетігінің бірі.

Министрлік жалпы профилактика шеңберінде тұрғындарды радикалды діни ағымның теріс идеясынан сақтандыру мақсатында ақпараттық материал, мақала мен әңгіме-сұхбат әзірлеу және оларды БАҚ-та орналастыру бағытында да ауқымды жұмыс жүргізуде. Орталық және аймақтық БАҚ-тарда дін саласындағы мемлекеттік саясатты түсіндіру, зайырлылық қағидатын ілгерілету, дәстүрлі құндылықты насихаттау, діни экстремизмнің алдын алу секілді өзекті мәселе бойынша көптеген материал жарияланған.

Сонымен қатар, интернет-аудиториямен ағартушылық жұмыс KazIslam.kz интернет-порталы арқылы жүргізіледі. Осы жұмыстың барлығы қоғамдағы тұрақтылыққа өз әсерін тигізіп отыр.

Жас казак: Кейбір әсіре діншіл азаматтар мемлекет тарапынан бекіткен міндетті екіпеден бас тартуда. Екпе алмаған бала балабақша мен мектепке қабылданбайды. Қазіргі талқыланып жатқан дін туралы заңда бұл мәселе қалай қарастырылған? Егер азамат екіпеден бас тартса, оған қандай шара қолдануы мүмкін?

Т.Әбуов: Қазақстан Конституциясы 1-бабының 1-тармағында мемлекеттің ең қымбат қазынасы — адам және адамның өмірі, құқығы мен бостандығы екені анық көрсетілген.

Сонғы жылдары дәстүрлі емес діни ағым өкілдері діни ұстанымына сәйкес келмейтінін сылтау етіп, өзіне немесе отбасы мүшелеріне қатысты түрлі медициналық көмектен, емдік шарадан бас тартуда.

Сол секілді исламда да денсаулықты сақтауға, күтуге, аурудың алдын алуға шек қойылмайды. Барлық ислам мемлекетінде аурудың алдын алу құралы ретінде екіпені көптеген түрі қолданылады. Басқаны былай қойғанда, Сауд Арабиясы Корольдігінің өзінде белгілі бір аурудың алдын алатын екпе-вакцина қабылдамағандар қажылық жасауға рұқсат берілмейді.

Тағы бір ескеретін мәселе — екпе қабылдамай, жұқпалы аурумен ауырған әрбір адам өзгенің денсаулығына да қатер төндірді. Ал әрбір саналы азамат өзінің денсаулығын сақтаумен қатар, өзгенің денсаулығына қатер төндірмеуді де ойлауы тиіс.

Осы күнге дейін ата-аналардың әртүрлі себеппен екіпеден бас тартуы қоғамдық мәселе болып қалуда. Бұл мәселенің шешімі заңнама тәртібімен балаларды міндетті түрде екпе салу жолымен жетілдіру болып табылады. Осыған байланысты, «Халықтың денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінде балалардың жұқпалы және паразиттік ауруларының алдын алу бойынша ем-дом қабылдауды ата-анаға міндеттемекші. Егер ата-ана бұл талапты орындамайтын болса, онда оларға 10 айлық есептік көрсеткіш (АЕК) көлемінде айыппұл салу ұсынылып отыр.

Сұхбаттасқан
Бейбіт ТОҚТАРБАЙ

Серпін

450 ТОННА
ШИКІЗАТ ӨНДЕЛЕДІ

Әлем тарапынан жүн өңдеудің шебері ретінде мойындалған моңғолиялық кеңесшілердің қатысуымен салынған зауыт қуаты жылына жүз тонна түйе жүні мен үш жүз елу тонна қой жүнін өңдеуге шақталған.

Ресей, Қытай еліндегі жеңіл өнеркәсіп иелерінің қызығушылығын тудырған. Фабрикаға италяндықтар да бірқатар ұсыныс түсірді деген ақпарат бар. Облыс экономикасын индустриялық-инновациялық дамыту бағытында іске қосылған текстильді фабрика толық өндірістік кешенге жұмыс істейді. Жүнді өңдеуден басталатын процесс стандартына сәйкес сұрыптау, жуып-кеңгіту, тарау, бояу, иіріп жіп алу кезеңінен тұрады. Осындай ұзақ еңбекті қажет ететін өндірістік процесс нәтижесінде жылы көрпе, түйе жүнінен тоқылған жамылғы, төсек жапқыш жасап шығарылуда. Кәсіпорын өкілдерінің

Әлем тарапынан жүн өңдеудің шебері ретінде мойындалған моңғолиялық кеңесшілердің қатысуымен салынған зауыт қуаты жылына 100 тонна түйе жүні мен 350 тонна қой жүнін өңдеуге шақталған.

ерекшелігіміз – жүз пайыз экологиялық таза өнім өндіретіндігімізде. Түйе және қой жүніне жасанды зат қосылмайды», – дейді италяндық технологиямен жұмыс істеп отырған жүн өңдеу фабрикасының директоры Назгүл Есмаханова.

ЖҮН ӨНДЕУДЕ ЖАҢАЛЫҚ БАР



СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

Серік СӨРСЕКЕНОВ, Атырау облысы ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары:

ТИІМДІЛІК АРТТЫ

«Қылшықты, ірі қылшықты жүндерге кезінде аса көп сұраныс болмағандықтан, кей шаруашылықтар шикізатты лақтырумен иә, өртеумен айналысып келген еді. Жаңа фабрика шикізатты тиімді пайдалануға мүмкіндік беріп отыр».

Назгүл ЕСМАХАНОВА, жүн өңдеу фабрикасының директоры:

АРНАЙЫ ПУНКТ АШЫЛАДЫ

«Жуылған жүн де шикізат болып есептеледі. Қазіргі нарықта жүннің мұндай түріне де сұраныс жоғары. Болашақта қырықтық науқаны басталған уақытта жүнді бір орталықтан қабылдайтындей етіп, әр ауданнан арнайы пункт ашуды жоспарлап отырмыз».



БИАЗЫ ҚОЙ
ЖҮНІНЕ
СҰРАНЫС
КӨП

Атыраудағы жүн өңдеу фабрикасы жүнді тазалап, нәтижесінде дайын өнім жасап шығаратын ел аумағындағы бірегей

Әсіресе, ауыл көшелерінің кез келген бұрышында кездесіп, жел тұрса, адамның бетіне соғатын жүн-жұрқа «дәуірі» енді келмеске кетті. Керісінше, бәрі бірдей болмағанымен, атыраулықтардың кей бөлігі қырықтық маусымында мал жүнін өткізіп, аз да болса пайда тауып отыр. Өйткені, осыдан біраз бұрын Атырауда іске қосылған жүн өңдеу зауыты бүгінде тауар экспортымен айналыса бастады. Түйе, қой жүнінен тұрмыстық тауар өндіріп шығаратын «Каспий Лана Атырау» ЖШС-іне қарасты кәсіпорын осылайша, әрі экологияға, әрі экономикаға оң ықпал етуде.

Тың тәсіл

«Жасыл экономикаға» бет бұра бастаған әлемдік тренд өліміздің мұнайлы астанасын да ойландырып отырғанға ұқсайды.

Атыраудың жергілікті атқарушы билігі бүгінде қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу бойынша ұсынылған жобаларды қарастырып жатыр. Мәселен, португалиялық компания Атырауда қатты тұрмыстық қалдықтан энергия өндіруге мүмкіндік беретін зауыт салуға мүдделі.

Португалиялықтар ұсынған жоба қалдықтан қуат өндірумен бірге, цемент жасап шығаруға да мүмкіндік береді. Сонымен бірге инвесторлар қалдықтан қайта зат өндiп шығаруды да ұсынып отыр. Мәселен, жоба – пластикалық қалдықтан өнім алу үшін шикізат жасап шығаруға немесе шыны өңдеуге де мүмкіндік береді. Бір емес, бірнеше мүмкіндікті ұсынатын жоба құны 80 миллион долларға бағаланып отыр. Ұлттық валютаға шаққанда, кешеннің жалпы құны 25 миллиард теңгеден асатын болады. Қазіргі таңда зауыт құрылысы жобасы үшін жасакталған техникалық-экономикалық негіздеме Атырау облысы әкімдігінің қарауында жатыр.

Тұрмыстық қалдықты қайта өңдейтін зауыттың ажырамас бөлігі ретінде жұмыс істейтін қалдық полигонының құрылысы

ҚАЛДЫҚТАН ДА



ҚУАТ АЛЫНАДЫ

да келер жылы басталуы мүмкін. Бүгінгі таңда еліміздің энергетика министрлігі Халықаралық даму банкімен арада келіссөздер жүргізіп жатыр. Яғни полигон кешенін халықаралық банк қаржыландырады деп күтілуде.

Қалдықты қайта өңдейтін кешен және жаңа полигон құрылысы үшін бүгінде жалпы аумағы 50 гектар болатын жер учаскесі бөлініп отыр. Жоспар бойынша, аталған нысандар облыс орталығына жақын орналасқан Махамбет ауданында бой көтеруі тиіс.

Айта кету керек, қоқыс, тұрмыстық қалдық мәселесі – Атырау ғана емес, тәуелсіздік жылдарынан бері – еліміз үшін өзектілігін жоймай келе жатқан тақырыптың бірі. Атырау қаласынан бес шақырым қашықтықта орналасқан қазіргі полигон осыдан қырық жыл бұрын іске қосылған. Демек, ол нысан қазіргі заман талабынан туындап отырған экологиялық, санитарлық-эпидемиологиялық нормаларға жауап бермейді.

Қалдық тасымалына тікелей жауап беретін «Арнаулыавтобаза» мекемесінің мәліметіне сәйкес, бір ғана Атырау қаласының өзінен күніге 236 тонна қалдық

ТАҚЫРЫПҚА ТҰЗДЫҚ

Әзілхан БАЙБАТЫРОВ, кәсіпкер:

ҚАЙТА ӨНДЕУДІҢ ПАЙДАСЫ МОЛ

Қалдықтың сұрыпталып салынуына қол жеткізу үшін, әр тұрмыстық затқа арнап әртүрлі контейнер орнатуға болады. Десе де, қалдықтың контейнерге сұрыпталып салынуы бәрібір азаматтардың жеке мәдениетіне келіп тіреледі.

Мұның сыртында, қайта өңделген қалдықтан түрлі материал жасап шығаруға болатынын айтқым келеді. Мәселен, полистиролбетонды блок жасап шығарып, одан үй тұрғызудың мүмкіндігі жоғары. Мұндай үй әдетте энергия қуатын максималды түрде үнемдеуші болып келеді. Арнайы блок жылуды шығармай, ғимарат ішінде сақтайды. Бұл – мұндай үйде тұратын азаматтар жылу үшін көп ақша жұмсамайды деген сөз. Полистиролбетонның тағы бір ерекшелігі – ол әдеткі құрылысқа жиі қолданылатын кірпіш тастан гөрі тиімді келеді. Оның құрамында токсин болмайды. Сондай ақ қайта өңделген қалдықтан өзге де құрылыс материалдарын жасап шығаруға мүмкіндік мол. Демек, қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу арқылы, біз, ең алдымен, атмосфераны ластанудан сақтаймыз. Екіншіден, арзан құрылыс өнімдерін жасап шығарамыз.

шығарылады екен. Тұрмыстық қалдықтың жалпы көлемі айына 7000 мың тоннадан асады. Сәйкесінше, бұл көрсеткіш жылына 85 мың тоннаны құрайды. Бүгінгі таңда жиналған қалдықтың жалпы көлемі екі миллион тоннаға дейін жетіп отыр. Бұл жағдай, әрине, аймақтағы экологиялық ахуалдың одан әрі құлдырауына әкеліп соқтыруда. Ал «ҚР Экологиялық кодексіне» енгізілген өзгерістерге сәйкес, 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап, сұрыпталмаған қалдықтар полигондарға қабылданбайтын болады. Бұл талапқа облыс орталықтарынан бастап, шалғай аудандар да тікелей бағынуы керек.

Бетті дайындаған
Баян ЖАНҰЗАҚОВА, Атырау облысы

Тұсаукесер

Бейіс Төктенұлы (1849-1917) — жана заманның жарқын тұлғаларының бірі, белгілі ағартушы, қазақ халқының рухани тәлімгері. Ол 1849 жылы Байнауылда дүниеге келген. Әкесі Төктен, одан іле анасы ерте дүниеден өтіп, атасы Жанғозы қажының қолында өседі. Өз қолымен жазған таржума-и халиде (өмірбаянында): — Шырағым, сен оқуың керек, — деп Жанғозы қажы Тәшкентке бара жатқан бір саудагерге ертіп жібереді. Барған бетінде Арғын махалласына кіріп, бір жыл байдың жалшысы болады. Көкілташ медресесіне кіріп, медреседе оқиды, одан кейін Бұхара медресесінде оқуын жалғастырады. Осыдан соң, Мәлинадғы белгілі мұсылман мектептерінің бірі — Махмудия медресесі директорының




Молланың балаларды оқытып отырған кез

шакыртуы бойынша сонда барып, оқуын әрі қарай жалғастырады. Өмірінің 16 жылын Мекке мен Мәдинадағы оқуға арнайды. Туған елінен алыста болса да, киелі жерде кездескен қандастарына барынша қол үшін беріп, жәрдем жасап жүреді. Меккеге қажылыққа барған Құнанбай қажы, Досжан халфе қажылық етуші қазақтарға арнап қонақ үй (тәкие) салады. Бейіс хазірет сол тәкиенің медресешісі болады, медреседе сабақ береді. Мұрағат құжаттарға сәйкес ол қонақ үйі Хамилия медресесі тұрған ауданда, Меккенің жанында, Қағбадан 2 шақырым жерде болған екен. Өкінішке қарай, бұл үй мен медресе ғимараты осы күні сақталмаған.

Елден хабар келіп, халқы ауыр күй кешіп, діни қуғындауға түсіп жатқанын естіп, муфти Мұхамедияр Сұлтановтың шақыруымен Бейіс хазірет 1891 жылы туған еліне оралады. Орынбордағы Хусания медресесінде дәріс береді. Муфти М.Сұлтановтың екіжүзді саясатына көзін жеткізеді. Өзін Меккеден шақырғандағы мақсаты — жәдитшелерді жақтаушылар алдында өз бөделін көтеру екені белгілі болады. Үш жыл «Діни мәжілісте» және медреседе қызмет жасаған Бейіс хазірет, жоғарыда аталған муфти өз

Астанада Гумилев атындағы Еурразия университетінде «Бейіс хазірет» атты кітаптың тұсаукесері өтті. Бұл жас тарихшы Оразалы Шыңғыстың қазақ халқының ірі діни және саяси қайраткері Бейіс Төктенұлы туралы 3 жыл бойы жинаған еңбегінің нәтижесі. Кітап тұсаукесеріне Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор Зиябек Қабылдинов, филология ғылымдарының докторы, профессор Серік Негимов, Елтаңба авторы Жандарбек Мәлібеков, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері Қайрат Байбосынов, мемлекет және қоғам қайраткері, Құнанбай қажының ұрпағы Сиязбек Мұқашев, ҚМДБ наиб-муфти Наурызбай Тағанұлы, өлкетанушы, жазушы Тортай Сәдуақас және т.б. қатысты. Сондай-ақ Өзбекстаннан, Ресейден келген шетелдік қонақтармен бірге Алматы, Павлодар, Атбасар сияқты қалаардан Бейіс хазіреттің ұрпақтары болды. Сол күні Астандағы Өзірет Сұлтан мешітінде дұға бағышталып, асханасында ас берілді.

мұсылмандар еркін ұстана беретін болады, өйткені ол заман белгіленген» деп бекемдей түседі. Бейіс хазірет Орынбордың



Мекке қаласының көрінісі. XIX ғасырдың аяғы

муфтиінің екіжүзді ұстанымына түбегейлі қарсы іс-әрекет жасайды. 1901-1905 жылдары

Бейіс хазіреттер қазақ жерінде ислам дінін сақтап, қазақтарды шоқындыруға қарсы қызу күрес ұйымдастырады. Белсенді әрекеттерімен көзге түскен 1897-1905 жылдардағы «Атбасар уезіндегі қоғамға қауіпті адамдар» тізіміне енгізіледі. Ақмола ішкі істер басқармасы тыңшыларының хабарлауынша, Бұхара әмірлігімен де,

Осман империясымен де «күдікті адамдар» арқылы байланыста деп бақылау жүргізіп отырады.

Осы жағдайларға байланысты Бейіс хазірет Атбасарға көшіп келіп, онда 1897 жылы медресе

ашып, халықтың ұлттық және діни дәстүрін қорғауға және сақтауға бар күш-жігерін салды. Жоғарыда айтылғандай, Бейіс хазірет Осман империясының зайырлы және діни көшбасшыларымен белсенді түрде хат алмасып тұрды. 1903 жылы Бейіс хазірет, Науан хазірет, Сексенбай Төленкеұлы, Сәдуақас Шорманов қазақтарды шоқындыруға мәжбүрлеуге қатысты РПШ-нің (Ресей православиялық шіркеуі) дін саясатына қарсы күресте көмек өтініп, Осман империясының сұлтаны II Абдулхамитке хат жазды. Түрік сұлтаны II Николайға хат жолдап, түріктерге бауырлас қазақ халқының дін ұстаудағы құқына қол сұқпауын сұрайды. Бұған қоса, үлкен делегация аттандырады, олар дала өлкесінің мұсылмандарына барынша көмектеседі: жана медреселер ашалады, адамдарды оқыту ұйымдастырады, ислам туралы кітаптар аударып, кең көлемде халыққа таратады. Кітап авторы Ш.Оразалы, зерттеу жұмыстарының арқасында түрік сұлтаны делегациясының қазақ еліне сіңіп кеткен кейбір мүшелерінің ұрпақтарын тапқан екен. Солардың бірі — Найзәбек имам Омбы облысы Таврический ауданы мешітінің имамы (ол да Астанада өткен шараға қатысып отырды) — түрік сұлтаны II Абдулхамиттың бұйрығы бойынша қазақ делегациясы мүшесі Ғабдолланың ұрпағы.

1905 жылғы 10-15 сәуір аралығында араб, түрік елдері басшыларының есерінің арқасында министрлер кабинетінің төрағасы С.Витте өкім шығарып, «Улем жамағаты» тобының мәжілісі өтіп, мұсылмандар қауымының проблемасын талқылайды. Оған Петербург мешітінің имамы Г.Баязитов, Мәскеуден Х.Агаев, Көкшетау уезінің имамы Науан хазірет, Атбасар уезінің имамы Бейіс хазірет, сондай-ақ Казан, Уфа, Симбирск, Троицк, Астрахан, Томск және басқа қалалардан уәкілдер жасап, көптеген ұсыныс енгізеді. Аталған мәжілістің қорытындысы бойынша арнайы петицияны талдап, бекіту үшін комиссия құралады. Оның құрамына мырза-полковник К.-М.Тевкелев, кази Р.Фахретдинов, Уфа өкілі Сәлімгерей Жантөрин, округтік соттардың мүшелері Д.Сейдалиев мен Г.Тимуров, Бейіс Төктенұлы және т.б. кіреді. Осы мәжілісте қабылданған шешім бойынша кейіннен Бакуде, Уфада, Нижний Новгородта, Орынборда жиналыстар өтеді. Онда елдің қоғамдық-саяси өмірінде мұсылмандардың құқығын кеңейтуді, оларды кемсітуге жол бермеу, ал түркі тектестерге Ресейдің басқа халықтарымен бірге ұлттық және азаматтық құқық беру, мәдени дамуына жағдай жасауды талап етеді.

Бейіс хазірет Алаш Орда өкіметін құру үшін олардың өкілдеріне барынша көмектескен. Алаш қайраткерлері Айдархан Тұрлыбаев, Мұқан Әйтпенов, Омар Алмасов, Әбілқасым Ансағев, Байсейіт Әділов, Хайретдин Болғанбаевтармен жақын араласқан. Хазірет 1917 жылы дүние салып, Атбасар уезінде Түркібай ауылында жерленді.

Мұхит ОМАРОВ, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

ӘЛЕУМЕТ



www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Мерейтой

Ембілік мұнайшылар үшін биылғы жыл айтулы оқиғаға толы болып отыр. «Ембімұнайгаз»

АҚ-ның құрылғанына — 95 жыл! Компания өзінің торталы тойын үлкен жетістіктермен қарсы алып отыр. Биыл компания ірі жоба — Прорва кен алаңында жана зауыт — газды кешенді дайындау қондырғысын іске қосты. Қондырғының ерекшелігі сол — елімізде алғаш рет күкірт алу үшін MERICHEM фирмасының LO-CAT патенттелген технологиясы қолданылып отыр. Аталған технология экологиялық зиянсыз, улағыш химикаты

тыс қалдырған емес. Елімізде, қала берді облыс экономикасының қарқын алуына, тұрақтануына қол ұшын берген отандық кәсіпорын осылайша газсызға жуық уақыт бойы тарих парақтарынан ерекше орын алып келеді.

Салтанатты жиында құттықтау лебізін білдірген «Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамының басқарма төрағасы Әнуар Жақсыбеков компанияның даму жолы еліміздің өркендеуімен тығыз байланысты екенін атап айтты.

Ә.Жақсыбеков екінші дүниежүзілік соғысы жылдарында «Ембімұнайгаз» қызметін бір минутқа да тоқтатпағанын, бұл кезеңде мұнай 39 пайызға артық өндірілгенін баяндады. Отты жылдардағы қиыншылыққа төтеп бере отырып,



МҰНАЙШЫЛАР ҰСТАХАНАСЫ

жөк және зиянды әсері бар қалдықты шығармайды. Күкіртсутекті жоюдың тиімділігі жоғарылығын қамтамасыз етеді. Газды дайындаудың барысы толық ароматталған. Өндіріс кезінде апатты жағдайға қарсы бірнеше қорғаныс түрін қарастырады.

Компания өндірісті жан-жақты дамыту және жана технологияны енгізу жұмысын кешенді іске асыруда. Өндірісті өркендетіп, әлеуметтік саясатын дәйекті жүргізіп, өндіріс дамуына септігін тигізіп отырған «Ембімұнайгаз» АҚ өзінің 95 жылдық мерекесіне орай көптеген игі шара өткізді.

Ал мұнайшылардың кәсіби мерекесі қарсаңында өткен салтанатты жиында «қара алтын» өндірісінің кешегісі мен бүгінгі сөз болып, осы салада үлес қосқан қызметкерлер марапатталды. Мерейтойға арналған салтанатты жиынға Атырау облысының әкімі Нұрлан Ноғаев, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы Сауат Мынбаев, «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ бас директоры Құрманғазы Есказиев, KAZENERGY қауымдастығы төрағасының орынбасары Ұзақбай Қарабалин, сала ардагерлері және компания қызметкерлері қатысты.

Атырау облысының әкімі Н.Ноғаев және «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ басқарма төрағасы С.Мынбаев мұнайшылардың ерен еңбегі мен еліміздің дамуына қосып отырған үлесін айрықша атады.

«Алғаш рет осы Ембіде ұлттық қадірлар, мұнайшы инженерлер қалыптасты. «Ембі — мұнайшылар ұстаханасы» деген

Комсомол-Мақат, Қошқар-Сағыз мұнай құбырлары салынғанын. Қамысқалде бутурбиналы электрстанса және Гурьев мұнай өңдеу зауыты бой көтергенін атап өткен, ол соғыс аяқталғаннан кейін де кәсіпорын қызметінде кідіріс болмағанын алға тартты.

Сондай-ақ ЕМГ басшысы компания тұрақтылығы — мұнайшылар династиясында екеніне тоқталды. Қазірде «Ембімұнайгаз» жиырмадан астам мұнайшы-енбекші әулеті табысты еңбек етуде. Олардың үш және одан да көп буыны — саналы ғұмырын мұнайшы мамандығымен байланыстырған жандар. Олардың кейбірінің жалпы еңбек өтілі 200 жылдан асады. Одан әрі баяндамашы компания дамуында өзіндік қолтаңбасын қалдырған жандарды атап өтіп, кәсіпорынның болашақ жоспарымен де бөлісті.

— Компанияда тұз үсті және терен тұз асты қабаттарына барлау жүргізу бағытында жүйелі жұмыс қолға алынып келеді. Ұңғыманы терендетіп бұрғылау 2018 жылға жоспарланып отыр. Сонымен қатар қосымша кен орындарын алмақ ойымыз бар, — дейді Ә.Жақсыбеков.

Айта кетелік, компания былтыр 2 млн 832 мың тонна мұнай өндірген. Бұл межеленген көрсеткіштен 10 мың тоннаға артық. Кәсіпорын өндіріс шығынын онтайландыру және еңбек тиімділігін арттыру мақсатында бірнеше пилоттық жобаны іске қосқан. Ал мұнай қондырғысын жанарту арқылы өндіріс көрсеткішін тұрақтандырып, еңбекті



сөз бекерге айтылған жоқ. Мындаған мұнайшы осы мектептен өсіп, қанат қакты. Қаншама данқты мұнайшы әулеттері қалыптасты. Бүгінгі буын ардагерлеріміз салып кеткен сара жолды лайықты жалғастырып, өндірісті жана технологиялармен дамытуға күш салуда» — делі өз құттықтау сөзінде «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ бас директоры Қ.Есказиев.

1922 жылы «Ембімұнай» тресі болып құрылған уақыттан бері кәсіпорын талай қиын-қыстау кезеңнен өтіп, бүгінде газсызға жуық ғұмыр кешкен алып компанияға айналды.

Бүгінгі таңда мекеме өркендеу жолын жалғастырып, білікті, кәсіби, тәжірибелі мамандармен толығып отыр. Саланың майын ішкен бесаспап мұнайшылар кейінгі толқын жас қадраға білгенін үйретуден жалыққан емес. Ел қазынасына құйылып жатқан қаражаттан бөлек, компания әлеуметтік салаға үлесін қосып, мәдениет пен өнердің дамуын да назардан

қорғау және техникалық қауіпсіздік ережесін сақтауға қол жеткізіп отыр.

Соңғы төрт жылда кәсіпорын республикалық және жергілікті бюджетке салық түрінде 625 млрд теңгеден астам қаражатты, Атырау облысының инфрақұрылымын дамытуға 1,7 млрд теңге қаржыны және осындай соманы демеушілік және қайырымдылық шараларына аударған.

Құттықтаулар арасында еліміздің мұнай-газ саласын дамытуға үлесін қосқан компанияның ардагерлері мен бұрынғы басшылары энергетика министрілігінің мерекелік медалімен, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ның және «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ-ның төсбелгісімен марапатталды.

Салтанатты жиын концерттік бағдарламаға ұласты. ЕМГ мерейтойына орай «Махамбет-Исатай» орталық алаңында қазақ эстрадасының жұлдыздары өнер көрсетті.

Руслан ДОСТАЕВ



қызметі барысында мұсылмандардың азаматтық және саяси құқықтарын қорғайды. Діни және ағартушы мекемелеріне реформалар жүргізеді деген үміттерін ақтамайды. Керісінше, муфти билікпен келісімпаздық саясатын ұстанып, шалағай шаралармен ғана шектеледі. 1894 жылғы 12 сәуірде муфти М.Сұлтанов Орынбор діни назараты имам мен ахундарына үндеу жасап, «мұсылмандарды орыс дініне енгізеді» деген сөзді жокқа шығаруға тырысады. Ол «Ресейде Исламды бұрын да, қазір де, болашақта да барлық

білген, үнемі сол тілдердегі кітап, газеттерді жазып алдырып, оқып отырған.

1892 жылы Ресей императорының бұйрығымен Көкшетау және Ақмола өңірлеріне миссионерлік істі күшейтіп, қазақтарды православиеге мәжбүрлеу үшін шіркеу салып, тіпті Библияны қазақшаға аударды. Қазақ балаларын шоқындыру мақсатында орыс-қазақ мектебін ашалады. Науан,

Шыңғыс ОРАЗАЛЫ – жас шежіреші, этнограф, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің түлегі. Мәскеу жоғары экономика институтының ғылыми қызметкері, Мәскеу мемлекеттік университетінің зерттеуші-аспиранты, этнография, шежіреге арналған бірнеше еңбектің авторы.



Атбасар уезінде

ЕСТИМЕГЕН
ЕАДЕ КӨН

Қалтаң қалыңдасын десеңіз, Ақтөбеге барыңыз!
Жуырда бұл қалада қаржыгер мен экономистердің саябағы
ашылды. Саябақтағы шамдарға әртүрлі валюта нышаны
мен екі метрлік жүз теңге
қойылған.



Ерекше саябақ

Бакшаны көгалдандыру мақсатында 100 түп ағашы отырғызылыпты. Гүлзардың бір шетінде спорт алаңы бар. Саябақтағы жүз теңгелік алып «ескерткішке» тез байығысы, ақшалы болуды армандайтындар көп келеді деседі. Қазірдің өзінде қала тұрғындары арасында «Ескерткішке» үш рет жакындап, оның бетін сұртсең, күнкөрісін жаксарады», — деген сенім қалыптасыпты. Әлеуметтік желіде пайда болған теңгенің теңдессіз күші туралы көптеген әңгімеден кейін актобеліктер алаңға ағылуда. Біреулер мұны саябаққа жасалған жарнама дейді. Қалай болса да, әлгі жүз теңгеге келіп, бақыт іздейтіндердің «Тенгеге құлшылығы» азаяр емес.

ААНЫС-БЕРІС

Қытай павильонындағы апталықтың ашылу салтанатында Шандүн провинциясының халық өкілдері тұрақты комитеті Ся Гэн «Биылғы жылы Қазақстан мен Қытайдың энергетика саласы бойынша байланыс орнатқанына 20 жыл толады. Шандүн провинциясы мен оның кәсіпорындары

Іс-шара барысында екі ел арасындағы түрлі байланысты жандандыруға мүмкіндік беретін біраз құжатқа қол қойылды. Мәселен,

Астанадағы ЭКСПО қалашығында Қытайдың Шандүн провинциясының апталығы басталды. Ашылу салтанатына провинция қалаларының басшылары, үкімет мүшелері, кәсіпкерлер, өнерпаздар мен еліміздің бизнес өкілдері, облыстардың басшылары қатысты.


Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті және Шандүн провинциясының дизайн университеті арасындағы келісім жасалды. Біз Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті халықаралық байланыс және инновация жөніндегі проректоры Сомжүрек

Құратты байланыс

құрылыс пен электр энергетика саласын дамытуға баса мән беруде. Астана-ЭКСПО көрмесіндегі Қытай павильоны еліміздің мәдениеті мен көптеген салада жеткен жетістікті паш етуге мүмкіндік берген алаң бола алды», — деді. Сондай-ақ Шандүнның баламалы қуат көзін дамыту мен провинцияның жеткен жетістігіне тоқталып, іс-шараның екі елдің байланысын арттыруға септігі тиетініне сенетіндігін айтты. Мәселен, 2016 жылы Шандүнның жалпы ішкі өнімі 1 триллион доллардан асыпты.

Баубектен еліміздің іргелі оқу орнына мұндай байланыстың қаншалықты маңыздылығын сұраған едік. Баубек Жұмашұлы «Университетіміздің сәулет және құрылыс факультетінде дизайн кафедрасы бар. Осы кафедра мен қытайлық университеттің оқытушылары, студенттері болашақта бір-бірінен тәжірибе алмасып, бірлескен ғылыми жоба жасап, білімін жетілдіруге жол ашады деп білемін», — деп жауап берді.

Айбарша ЖАҚСЫЛЫҚ,
Астана қаласы



Тілді насихаттаудағы тың әдіс

негізгі мақсаты да — орыстілді азаматтар арасында қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі мәртебесі асқартылу, Қазақстанда тұратын этностардың бірлігі мен ынтымағының кепілі екенін ұғындыру. Сонымен қатар қоғамдық орындарда, жас ұрпақ тәрбиесінде, патриоттық тұрғыда, ғылым-білім, технология саласында мемлекеттік тілдің атқарар рөлін айшықтау. Сондай-ақ шара барысында қазақ тілін латын кәріпіне көшірудің маңыздылығы, идеологиялық тұрғыдан ескірген елді мекендер мен жер-су, көшелердің тарихи атауын қайтару турасында өңгіме қозғалып, пікірлер ортаға тасталды.

Елбасы Н.Назарбаев «Біз барша қазақстандықтарды біріктірудің басты факторы болып табылатын қазақ тілінің одан әрі дамуы үшін барлық күш-жігерімізді салуымыз керек. Сонымен бірге елімізде тұратын барлық халықтың өкілдері ана тілдерінде еркін сөйлей, оқи алуына, оны дамытуға қолайлы жағдай туырауы керек» деп атап өткендей, мемлекеттік тілді насихаттау мақсатында Қостанай өңірінің таңдалуының да өзіндік сыры бар.

Халықтың орналасу тығыздығына байланысты алып қарайтын болсақ, өзге аймақтарға қарағанда Қостанай облысында өзге ұлт өкілдерінің саны басымдау. Қазіргі таңда бұл өңірде жергілікті ұлт өкілдерінің, яғни қазақтардың үлес салмағы 38 пайызды құраса, славяндық этнос өкілдері 50 пайыздан асып жығылады.

Әрине, облыста мемлекеттік тілдің ахуалын жақсарту бағытында әлі де көптеген жұмысты жүзеге



тұғырына қондыруға, тілдің қажеттілігін арттыруға, талапты күшейтуге, тілдік ахуалды үнемі назарда ұстауға, кемшілікті түзеуге, жетістікті толықтыруға, бір сөзбен айтқанда, мемлекеттік тілдің жағдайына мән беріп, келелі істі жүзеге асыруға бағытталды.

Шара барысында Қостанай облысы әкімдігі тілдерді дамыту басқармасы басшысының орынбасары Қазымбек Жармағамбетұлынан сыр суыртпақтаған едік: «Қазақ тілі-ұлт тілі, халық тілі. Бұл айнымас шындық. Кешегі орыстандыру саясаты тіл өркендетінін кен қанат жаюына кері әсерін,

атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы мұрындық болған «Қазақстанның болашағы — қазақ тілінде» шарасы төрт жыл қатарынан өткізіліп келе жатқан игі бастама десе де болады. Шараның берері мол. Біздің өңірде орыс тілділер көп болғанымен қазақ тілін меңгеруге деген ұлт өзге өкілдерінің ықыласы басым. Соның бір айқын көрінісі славян халқы өкілінің 780 баласы қазақ мектептерінде дәріс алып жатса, «Тілдарын» орталығында қазақ тілін үйренушілердің қатары күннен-күнге артып келеді» деп ағынан жарылды.

Келесі кезекте бізбен пікір бөліскен Қостанай қаласының тұрғыны Юрий Ивлев ақсақал «Мен қазақ тілін екінші ана тілім деп санаймын. Қазақ тілінде жетік сөйлеймін. Әрбір елін, жерін шексіз сүйетін адам тілге ерекше құрметпен қарап, тіл жанаңшыры болу керек. Қазақстанда тұратын өзге ұлт өкілдері осыны түсінсе екен деймін. Балаларының болашағын ойлайтын әрбір қазақстандық мемлекеттік тілді үйренуге ықыласы болуы керек. Өйткені, «Қазақстанның болашағы — қазақ тілінде» деуіміз бұлжытпас қағида. Мемлекеттік тілге немқетті қарау, балалар болашағына мән бермеу деп санаймын» — дейді.

Ендеше, мемлекеттік тілді дамытуда пәрменді іс күтеміз. Мемлекеттік тіл мәселесі тек тіл фестивалімен, байқау өткізумен, мемлекеттік қызметкерді оқытумен шешілмейтіні анық. Ең бастысы, барлық ұлт өкілін мемлекеттік тіл аясының төңірегінде топтастырып біліп, ортақ мақсатқа ұйыстыра білу керек. Қостанай облысында басталған «Қазақстанның болашағы — қазақ тілінде» шарасы да осы мақсатты көздейді.

Шараға қоғам қайраткері Дос Көшім қатысып, халық арасында мемлекеттік тіл мәселесін ақпараттандыру жайында түсіндіру жұмысын жүргізіп, пікір алмасып, ойын ортаға салды.

Бейбіт ОСПАН

Бас редактор — директор Срайыл СМАЙЫЛ Редакция алқасы: Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ Бас редактордың бірінші орынбасары Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы Ғалия КАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі	Тілшілер мен қызметкерлер: Бейбіт ТОҚТАРБАЙ, Айбарша ЖАҚСЫЛЫҚ — Астана қаласындағы меншікті тілші Әбдіманан КЕНЕС — жастар және ғылым Салтанат ШЫРЫНХАН — арнаулы тілші Руслан ДОСТАЕВ — web-редактор Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміші Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-сайт	Аймақтағы меншікті тілшілер: Байқал БАЙӘДІЛОВ — Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34) Қажет АНДАС — Алматы облысы (8 747 706 13 82) Дүйсенбек АЙБЕКОВ — Жамбыл облысы (8 705 227 45 16) Мендібай СҰМЕСІНОВ — Атырау облысы (8 775 955 77 34) Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия pahmutba@online.no Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30) Кезекші редактор Салтанат ШЫРЫНХАН	Шығарушы: «Аманат Медиа» ЖШС Директордың орынбасары Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ Бас есепші Расима ӘКІМБЕКОВА	Редакцияның мекенжайы: 050004, Алматы қаласы, Абылай хан, 51/53, 6-қабат (М.Мақатаев көшесінің қиылысы) Телефондар: 8(727) 279-04-99; 279-09-19 Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 279-09-23 (жарнама бөлімі) Газет 2004 жылғы 14 желтоқсанда ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігіне тіркеліп, бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы №5710-Г құалігі берілген. Мақала авторының пікірі редакция қозғарсын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты. Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «Air-Astana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуекомпанияларының ұшақтарында бар. Газет «Дәуір» ЖШС РПІК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй) тел: (727) 273-12-04, 273-12-54 Тапсырыс — №2129; Бағасы келісім бойынша Айлық таралымы — 52 000 дана www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru
--	--	--	--	--